Бекітемін
Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
директоры А. Аксеитова
2 қаңтар 2025 ж

2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының
ЦИКЛОГРАММАСЫ

Тәрбиеші: С. Абдрахманова

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы.....
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 17-апта9-10қаңтар 2024-2025 оқу жылы

| Күн тәртібі | | | | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | | | | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | Қимылды ойын<br>**«Соқыртеке» ойыны.**<br>**Мақсаты:** жақсы эмоциялық жағдай тудыру, қорқуды жою, өзіне деген сенімділікті жоғарлату. Ойынның барысы. Ойынды жүргізуші – көзін байлайды. Есікке әкеледі, қандайда бір өлеңді айтып, оны есік алдына қойып және содан ол басқаларын ұстау керек, содан кейін олар бірге қормен өлең айтады:<br>Мысық, анар мысық, сен бізді үш жылға дейін ұста!<br>Сен бізді үш жылға дейін ұста!<br>Көзіңді ашпай ақ!<br>Балалар жан-жаққа бытырап қашады, ал мысық оларды аулайды. | Қимылды ойын<br>**«Кемешік».ойыны.**<br>**Мақсаты:** өзіндік бағалайын жоғарлату, өзіне деген сенімділікті жоғарлату.<br>**Ойынның барысы:** Үлкендер айтады: «біз кемедеміз деп ойландар. Оның сөзінде: Тыныш, тынық ауа-райы, күннің көзі жарқырап тұр - жақсы ауа-райын бейнелеу керексіндер. «Боран» сөзінде балалар дауысын көтереді, кемешік тербеле қозғалады. Балалардың біреуі кемешікте болады, ол боранды басып тастау керек: Мен бораннан қорықпаймын, мен ең мықты матроспын!». |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке ддайындық | | | | Жылулық сәті:<br>Амансың ба, алтын күн?<br>Амансың ба, көк аспан?<br>Амансың ба, достарым?<br>Сендерді көрсем қуанам | Жылулық сәті:<br>Арым таза, ақ көңіл,<br>Адалдыққа сенемін.<br>Абыройлы ақниет,<br>Адалдыққа сенемін! |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйыымдастырылған іс-әрекет | 1-ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | | | | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** 10 көлемінде тура және кері санау<br>**Мақсаты:** -келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайтуарқылы | Сауат ашу негіздері.<br>**Сабақтың тақырыбы:** Сызба бойыншасөздерді буынға бөлу.<br>**Мақсаты**:-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету;<br>-назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: балаға 10 санын тура және кері санауды үйретеді.<br>**Құндылықтар**: Заң мен тәртіп айы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Талап бар жерде тәртіп бар.<br><br>«Барлығы қанша болады? »<br>Ойынның мақсаты: заттарды санап үйрену. Қабылдау, ойлау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер, заттар, фигуралар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар заттарды санап, нақты санын айтады.<br><br>1-тапсырма.Суретке қара. Қандай вагондардың номері жоқ. | жетілдіру.<br>-«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту;<br>-білімпаз болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сөздерді буынға бөле алады.<br>**Құндылықтар**: Заң мен тәртіпайы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Талап бар жерде тәртіп бар<br><br>**«Қарама- қарсы сөздер»**<br>**Мақсаты:** Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой өрісінкеңейту, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын шарты:** шеңбер бойымен тұрған балаларға кезектесіп доп лақтырып антоним сөздің бірін айтады. Допты қағып алған бала оған қарсы мағынадағы сөзді айтады.<br><br>1-тапсырма: Суретте бейнеленген заттарды ата. Сәйкес сызбамен сәйкестендір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | <br>2-тапсырма10-ға дейінгі сандарды тура және кері санаймыз<br> <br>3-тапсырма. Көршісін тап<br>0...2... ...5,6...8...10<br><br>0 1...3 4... ...7...9... |  <br><br> <br>2- тапсырма: Суреттен Л дыбысы бар суреттерді ата. Буынға бөл.<br><br>3- тапсырма: Л дыбысы кездесетін кез- келген сөздерді атаймыз. |
| **Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Хан алшы»** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Қолға алып шарды,<br>Үрлеймін мен былай,<br>Уф уф уф<br>Үрлеймін деп қатты,<br>Жарып алдым шарды пааах | | | | **«Хан алшы»**<br>Мақсаты: байқампаздыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: асықтар<br>Ойын барысы: бұл ойынға 5 немесе 10 абал қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызылға бояп қояды. Бұл асық «Хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады. Оларды хан асықпен ұрып құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асық бүк, шік, тайқы қалыпта түссе қасындағы қалаған асығын алады. Егер бастаушы асықты қолымен құатып алса, немесе басқа асықпен атып алса. Онда ойынды басқа бала жалғастырады. | |
| 2-ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| | | | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Кім ақылды? (әңгіме)<br>**Сабақтың мақсаты:** -сөздерді буынға бөлуді үйрету;<br>-сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:** баланың сөздік қорын, сөз байлықтарын дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырады. | **Көркем әдебиет**<br>**Сабақтың тақырыбы:**Алтын балта. (орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:**-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Құндылықтар**: Заң мен тәртіпайы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Талап бар жерде тәртіп бар<br><br>«Тәулік бөліктері»<br>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекітеді.тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттығады.<br>Көрнекілігі: суреттер.<br>Шарты: балалар суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екендігін айтады. Сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br><br>1-тапсырма. Досқа қатысты суреттерді белгіле. Осы суреттер бойынша өз ойыңды айт.<br><br>2-тапсырма.<br>Сұрақ- жауап айдары<br>-Таңертең бізге кім ботқа дайындап береді?<br>-Таңертең бізді ұйқымыздан кім оятады?<br>-Аналар мерекесі қай мезгілде келеді?<br>-Көктем мезгілінде күн қандай | дағдыларын дамыту;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: ертегі мазмұнын түсінеді, ажыратады.<br>**Құндылықтар**: Заң мен тәртіпайы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Талап бар жерде тәртіп бар.<br><br>**«Біздің көңіл күйіміз»**<br>**Мақсаты:**Балаларды сурет бойынша бет әлпеті ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл-күйді бейнелейтін сөздерді дұрысайтқызу. Оны өздері сала білу.<br>**Көрнекілік:**әр түрлі мимикадағы б алалардың суреттері.<br>**Ойын барысы:** Бет-әлпеттің мимикасына қарап,сөйлем ойланад ы. Оның ішінен бет-әлпеттің мимикасын білдіретін сөздерді бөліп айтады. Әр түрлі көңіл-күйді білдіретін сәттердісалу.<br>Күліп тұрған бала.<br>Ренжіп тұрған бала.<br>Аузын ашып тұрған т.б.<br><br>1-тапсырмаСуретте қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | болады?<br><br>3-тапсырма. Ана, бала туралы білетін мақал- мәтел, нақыл сөздерді айтамыз. | 2-тапсырма. Жұмбақты шеш.<br>Ә дегеннен тап береді,<br>Тап бергеннен қақ бөледі.<br><br>Ескегі бар- жүзбейді,<br>Ұшудан үміт үздейді.<br><br>3-тапсырма. Балтаны түсін сәйкестендіріп бояйды. |

**Үзіліс:Топпен ойнауға арналған қозғалмалы ойындар *«Ау»***

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Киіз үйді құрайық. |  | **Ойын: *«Ау»***<br>**Мақсаты:** Топпен үйлесімді түрде ойнауға баулу. Жылдамдыққа жаттықтыру. Батыл, қайсар болып өседі.<br>Ойын шарты: Ойын белгіленген аланда өтеді, сол жерден ойыншылардын ешқайсысы шығуға болмайды. Екі және үш ойыншы қолдарынан ұстап «ау» құрады. Олардын мақсаты – «жүзіген балықты» көбірек ұстау. Яғни басқа ойыншыларды. «Балықтын» мақсаты «ауға» түспеу. Егер балық шаға алмай «ауға» түссе, онда ол жүргізушіге қосылады да «аудын» бір бөлігі болады.<br>«Балықтарға» ауды жыртуға болмайды, яғни жүргізушіден қолын үзуге болмайды. Ойын ойыншына анықтамағанға дейін жалғасады, ойын ен «шапшан балық» анықталмағанға |

3-ұйымдастырылған әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Қазақ тілі**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Дене мүшелерінің атқаратын қызметі.<br>**Мақсаты**:--қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру.<br>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру;<br>жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. | **Қоршаған орта**<br>**Сабақтың тақырыбы:**Үй жануарларының қандай пайдасы бар?<br>**Мақсаты:**-үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету;<br>-тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Күтілетін нәтиже:** дене мүшелерінің атқаратын қызметтерімен танысады.<br>**Құндылықтар**: Заң және тәртіпайы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Талап бар жерде, тәртіп бар<br><br>**Дидактикалық жаттығуы:**<br>«Жыл мезгілдері»<br>Мақсаты:Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.<br>Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.<br>Ойын барысы:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.<br>Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққалат.б.)<br><br>1-тапсырма. Суретке қара. Дене және сезім мүшелерінің атқаратын қызметіне қарай сөйлем құра. | дамыту;<br>-табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарымқатынас жасауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**үй жануарларының пайдасымен танысады, біледі.<br>**Құндылықтар**: Заң мен тәртіпайы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Талап бар жерде, тәртіп бар.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«А әрпінен басталатын заттарды ата»**<br>**Мақсаты:** Балалардың алған білімдерін тиянақтау, А- дан басталатын заттардың аттарын атау.Балаларды білімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларға суреттегі заттардың аттарын ататып, онда А дыбысы не рет айтылатынын айттыру.<br><br>1-тапсырма.<br>Үй жануарларын атаймыз. Олардың төлдерін не деп атайтынын айтамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | <br><br>2-тапсырма. Суреттегі дене мүшелерін бір- бірімен сәйкестендіреміз.<br> <br>Қосымша жұмыс: Мұғалім дауыстап оқиды. оқушылар қосылып қайталайды.<br>Дене мүшелері- части тела.<br>Сезім ммүшелері- органы чувств<br>Есту- слышать жүру- ходить | Сиыр- бұзау<br>Жылқы- құлын<br>Қой- қозы<br>Ешкі- лақ<br>Түйе- бота....<br>2-тапсырма<br>Төменде берілген суреттегі үй жануарлардың төлдерімен сызықтар арқылы қосамыз.<br> <br>3-тапсырма.<br>Жануарлардың қалай дыбыстайтынын айтамыз. |
| **ҮзілісОйын: «Қапқандар»** | | | | | |
| **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>**Мақсаты:** Балалардың тілдік қоры жетіліп, ойлау қабілетін дамиды.Бұл ойын маңызды роль атқарады. Тілдері дамиды.<br><br>Қане балалар тұрамыз,<br>Бойымызды жазамыз.<br>Балықтарға ұқсап біз,<br>Жүзіп- жүзіп аламыз. | | | | **Тақырыбы: «Қапқандар»** ойыны.<br>**Мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын нығайту.<br>**Шарты:**Алты ойыншы жұптасып, қолдарынан ұстап және жоғары көтеріп тұрады. Бұл «қапқандар» олар бір – бірінен шамалы қашықтықта орналасады. Қалған ойыншылар қол ұстасып, тізбек құрайды. Олар қапқандардан өтуі керек, жүргізушінің шапалағы бойыншақапқандар «жабылады», яғни қақпан болып жүрген балалар қолдарын түсіреді, қақпандарға түскен ойыншылар жұп құрып және қақпан болады. Бұл ойында ен жылдам және тез бала анықталады ол ойын аяғына дейін бір де болады. | |
| **4-ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **музыка**<br>**Тақырыбы** : Айнала ақша қар<br>**Мақсаты:** -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау;<br>-би элементтері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Елімізге деген құрметтерін арттыра отырып, музыкаға сәйкес қимыл жасауды біледі..<br>**Құндылықтар**: Заң мен тәртіп айы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: талап бар жерде тәртіп бар.<br><br>**Дидактикалық ойын. «Артығын тап.»** | **денешынықтыру**<br>**Тақырыбы**Шаңғымен жүру. (таза ауада)<br>**Мақсаты-**шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.. Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары<br>**Күтілетін нәтиже**: спортшы болу үшін шыдамдылық еңбек үнемі дәлдікті ұстанатын бала спортшы бола алатынын түсінеді.<br>**Құндылықтар**: Заң мен тәртіп айы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Талап бар жерде тәртіп бар.<br>**"Орыннан тұр" дидактикалық ойыны**<br>Мақсаты: балаларды орналасқан жерін табуға жаттықтыру: алдында, артында, сол жағында, оң жағында, алдында, артында.<br>Мазмұны. Мұғалім кезек-кезек балаларды шақырып, қай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ойын мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.<br>Ойын шарты**:** Балалардың алдына суреттерден таратылады.Балалар суретті алып ненің артық екенін ажыратып табулары керек.<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев). Бейне роликтен музыка тыңдайды.<br>**Ән айту:**«Айнала ақша қар» (И. Мамақов)<br>Жаңа жыл, жаңа жыл,<br>Жаңа жылда жаңа жыр.<br>Жасыл шырша жанында<br>Ойнап барлық бала жүр.<br>«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова)<br>**Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев) Балалар орындарынан тұрып, бір бірінің артына қатар түзейді.<br>Музыка ойнайды. Би қимылдарын көрсету, үйрету, түсіндіру. Әр қимылды бөліп үйрету.<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық ырғақты ойындар арқылы балалардың есту, есте сақтау, ырғақты сезіне білу дағдыларын қалыптастырып дамыту.<br><br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)<br>Балалардың қызыушылығына | жерде тұру керектігін көрсетеді: "Сережа, маған кел, Коля, Сережа сенің артында тұрсын. Вера Ираның алдына тұр" т.б. 5-6 баланы шақырған мұғалім олардың алдында және артында кім тұрғанын атауларын сұрайды. Әрі қарай, балалардан солға немесе оңға бұрылып, қайтадан кім және қай жерде тұрғанын атауды сұрайды.<br><br>1-тапсырма.<br>Шаңғы тебудің техникасымен тактикасымен таныстырады.<br>Ерекшелігі:<br>-Шаңғы жорығы үшін құралдар<br>-Шаңғышының киімі, аяқ киімі<br>-Қардағы алау және ошақ жағу<br>-Жол демалысын ұйымдастыру<br>-Үсік, салқын тию, басқада ауруларға қарсы тұру шараларын ұйымдастыру.<br><br>2-тапсырма.<br>Шаңғыны тебу тактикасымен таныстырады. Оқушыларға шаңғы кидіріп, оны тебуді таза ауада үйретеді.<br>Шаңғы жорығында ұйымдастырылатын шайды көрсетеді. Күн жылы болса алау жағуды үйретеді. Жорық кезінде тез пісетін тамақ түрлерін көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қарай, икеміне қарай музыкалық аспаптармен танысамыз. | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету) | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. (Өз-өзіне қызмет ету) |
| **Үзіліс:Ойын: «Тайланд боксы».** | | | | | |
| **Тілұстарту жаттығулары:**<br>**Мақсаты:** Дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыланады.<br>**Ойын барысы:**<br>Біз гүлдерше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған.<br>Сабақтары салалы<br>Желмен бірге ырғалған. | | | | **Ойын: «Тайланд боксы».**<br>**Мақсаты:**Зейінін шоғырландырып, ептілікпен әрекет етуге үйренеді. Қимыл- қозғалыс жасау барысында балалар өздерінің іс- әрекеттерін зейінмен үйлестіруге дағдыланады.<br>**Барысы:**Рингтегі көзі байлаулы екі адам жұмсақ шүберектермен толы (қапшықтармен күреседі) басқа нұсқаулар болуы да мүмкін: біреуге қоңырау беруге болады, екіншісіне қап – ол дауыс шыққанға ұрады! Қоңырау ұстаған адам иіледі, екеуіне де қап беруге болады және 2 посредник әкеледі – олар өзінің ойыншыларын қысқа командамен жолдайды. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | Алдиярмен апта күндерін қайталау | Жаниямен 10 ға дейін тура және кері санау |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің баланыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>Егер Сіздің баланыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***«Өнегелі 15минут»***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы..Колутон ауылының ЖОББМ .
Мектепалды даярлық: 0 сынып
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 18-апта13-17 қаңтар 2024-2025 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу,қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қимылды ойын<br>«Дәретхана қағазы»<br>Дәретхана қағазынан лента жасалады, шығп кетпей осыдан жүгіруі керек «эстафета» топ бірнеше колонияғатұрады. Әрқайсысының алдында кегли ряды тұрады. Бірінші адам көзін<br><br>жауып, петлядан өтуге тырысады ал топ оған бағытталған жолды айтып тұрады. Бұның қиындығы, барлық топ бір уақытта айқайлайды, ал осындай айқай кезінде барлық командадан өз тобының дауысын анықтау өте қиын. | Қимылды ойын<br>«Американдық үшбұрыш»<br>Барлығы төртке бөлінеді. Үшеуі үшбұрыш құрайды, ал қалғаны – жүргізуші оның тапсырмасы – үшбұрыштағы біреуді соғу. Ал үшбұрыштағы қалған екеуінің тапсырмасы - өз жолдасын құтқару шеңберден қолын созып соғуға болмайды тек үшбұрыштың манынан жүгіруге болдды. Егер жүргізуші соға алса, онда соғылған адам жүргізуші болады. Біртіндеп барлығы ролдермен ауысып отырады | Қимылды ойын<br>«Паравоз - эстафетасы»<br>Бірнеше команда 4 адамнан . Кем дегенде екі сызық (старт және финиш) 10м бас аланда орналасқан. Ережесі: ойыншылар кетер жолдын сызығында тұрады. Бірінші ойыншы әр командадан «лакоматив» олардың серіктері «вагоншылар» сигнал бойынша «локоматив» вогзалға дейін жүгіреді (жету сызығы финиш) сосын старт сызығы артымен оралады оған бірінші вагоншы жалғанады содан кейін екі ойыншы жүгіріп немесе шапшан вогзалға бағытталады, сосын қайта оралып, екінші вагонды жалғайды және сол сияқты барлық вагонды жинаған және вогзалға бірінші келген команда ұтады. | Қимылды ойын<br>«Үш секіру»<br>2 команда. Алаң 2-ге бөлінген және нейтральды зонамен бөлінген. 1 доп.<br>Мақсат: допты – қарсыластар лагерыіне 3 рет секіруді қамтамасыз ету.<br>Ережесі: ойыншылар өз лагерынен нейтральды зонадан өтпей допты лақтыруы керек ал қарсыластары доп 3 рет секірместен бұрын ұстап алуы керек. Егер доп 3 рет секірсе, онда команда ұпай алады доп сол орыннан келесі лагерьге лақтырылады яғни, қай жерде ол ұсталады немесе 3 рет секірген жерінен. | Қимылды ойын<br>«Гвардеецтер мен мушкетерлер»<br>Ойынға қатысушы топтарды 2 командаға бөлу: гвардейлықтар (қызыл жетондар) жетондарда көрсетілген. Көрсетілген: капитан, лейтенант қатардағы Де Тревиль мен Решелье бөлек тандалады кімге қандай звание түссе, сол званиеда ойнайды. Белгіленген уақытта барлық ойыншылардын шешімімен командалар жиналып штаб орынын тандайды, король ойлап табады. Белгілі әндердің әр бір жолы пароль бола алада. Сонымен қатар әр команда қатысушы парольдын тек бір сөзін есте сақтап қалады. Қос команда штабқа жиналғаннан кейін парольды |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңғы жаттығу кешені №1 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке ддайындық | Жылулық сәті:<br>Шыршаға бардық,<br>Әсем ән салдық.<br>Аяз Атадан<br>Сыйлықтар алдық. | Жылулық сәті:<br>Мен бәріңе денсаулық тілеймін!<br>Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!<br>Мен бәріңе Мейірім тілеймін!<br>Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! | Жылулық сәті:<br>Қазақстан туған жер,<br>Сені жақсы көремін!<br>Көлдер, таулар, даамды,<br>Отаным деп білемін! | Жылулық сәті:<br>Жүреміз біз күліп ойнап,<br>Он саусақтың саласындай.<br>Жүреміз біз күліп- ойнап,<br>Бір адамның баласындай. | Жылулық сәті:<br>Алақанды ашамыз,<br>Күннің нұрын саламыз.<br>Таза ауаны жұтамыз,<br>Жүректегі жылуды<br>Бір- бірімізге сыйлаймыз. |
| | 1-ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйыымдастырылған іс-әрекет | Математика негіздері<br>**Сабақтың тақырыбы:** 10 көлемінде тура және кері санау<br>**Мақсаты:** -келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету;<br>-назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: балаға 10 санын тура және кері санауды үйрету. Заттың санына назар аударуға, логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру<br>**Құндылықтар**: Заң және тәртіпайы<br>**Біртұтас тәрбие:**Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Тәртіп- тәрбие бастауы<br><br>**Дидактикалық ойыны«Нешеу»**<br>Мақсаты: атауға және санауға үйрету. Көп заттар мен аз заттарды ажыратуға үйрету. Көп- аз, теңтең емес ұғымдарын ажыратуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. | Сауат ашу негіздері<br>**Сабақтың тақырыбы:**Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу<br>**Мақсаты:** -берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>-«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту;<br>-білімпаз болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сдыбысына талдау жасап үйренеді.<br>**Құндылықтар**: Заң және тәртіп айы<br>**Біртұтас тәрбие:**Үлкендерге құрмет көрсету **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Тәртіп-тәрбие бастауы<br><br>**Дидактикалық ойын «Көлеңкесін тап»**<br><br>**Мақсаты:**Балаларды әр ойыншықтың көлеңкесін табуға үйрету. Тілдерін дамыту. Ойыншықтарды сипап, күтіп, ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** 10 көлемінде тура және кері санау<br>**Мақсаты:** -келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету;<br>-назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: балаға 10 санын тура және кері санауға үйрету. Заттың санына назар аударуға, логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру.<br>**Құндылықтар**: Заң және тәртіп айы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Тәртіп- тәрбие бастауы<br><br>**Дидактикалық ойын «Кілтін тап»**<br>Мақсаты: пішіндерді атауға, тануға үйрету. Үйдің терезесі | **Математика негіздері**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру және санау<br>**Мақсаты:** -топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: балаға әртүрлі заттардың санының да әртүрлі болатындығы туралы түсіндіру. Артық, кем туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Құндылықтар**: Заң және тәртіп айы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Тәртіп- тәрбие бастауы<br><br>**Дидактикалық ойын «Өз гаражыңды тап»**<br>Ойынның мақсаты: көлемдері әртүрлі гараждарға (үлкен, кіші, орташа) өз көлемдеріне сәйкес көліктерді кіргізіп үйрету. Жолда | Сауат ашу негіздері.<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ойнай отырып оқимыз [К].<br>**Мақсаты**:-сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту;<br>-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сөздерді буынға бөле алады.<br>**Құндылықтар**: Заң және тәртіп айы<br>**Біртұтас тәрбие:**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі**: Тәртіп- тәрбие бастауы<br>**Дидактикалық ойын. «Қонжықтың үйін тап»**<br>**Мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру. Қабылдауын дамыту. Ойын ережесін сақтауға үйрету.<br>Көрнекіліктер: Түрлі- түсті жейделері бар қонжықтар мен олардың үйлері.<br>**Ойын шарты:** балларға түрлі-түсті жейделері бар қонжықтарды таратып, түстерін |

Ойынның құрал-жабдықтары: санауға қажетті заттар, суреттер.

1-тапсырма.
Суретке қарап әңгімелеп бер.
Төбешікте неше бала тұр, сана.
Төбешіктен неше бала төмен түсті? Төбешікте нешеуі қалды?
Цифларды жапсыр.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | + | | = | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | + | | = | |

2-тапсырмаСуреттерде не бейнеленген, сана және ата.
Жазуларды сәйкес суретпен сызып қос

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - | | = | |
| | - | | = | |
| | - | | = | |
| | - | | = | |

3-тапсырма. Сандарды тура және кері сана.

Көрнекілік: ойыншықтардың суреттері. Көлеңкелердің суреттері.

1-тапсырма.
Тыңда орында.
Алақанды ысқылап,
Қыздырайық балақай.
Алақаның ысыды,
Қарандаршы алақай!

2-тапсырма.Боя.

3-тапсырма. Үзік сызықтарды бастыр.



қандай пішін, сондай пішінді тауып орналастыруға үйрету.
Түстерін атап, шапшаң қимылдауға үйрету.
Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.
Көрнекі құралдар: Терезе әртүрлі пішіннен жасалған үйлер, пішіндер.

1-тапсырма. Әр пойызға 1 вагоннан жапсыр. Неше вагон болады? Ата.
3+1=
4+1=
7+1=

2-тапсырмасанның қасындағы заттарды санаймыз. Жылдам ойлауға дағдыланамыз.

3-тапсырма.Сандарды тура және кері сана.

жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеу.
Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі көлемде гараждар, көліктер.

1-тапсырма.Суреттерге қара. Қай топтағы заттардың арасында «=» таңбасын қоюға болады?
Алмаларды әр себетпен сызып қос.
Не артық? Не кем?

2-тапсырма.
Алмұртты әр тарелкамен сызып, қос.

3-тапсырмаМысықтар мен күшіктердің санын сана, артық кем белгісін қой.

атау. Белгі бойынша балалар қонжықтардың түстерін атап, үйлерін тауып тұра қалу керек.

1-тапсырма: Суреттерді ата. Буынға бөл. Тиісті сызықпен қос.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

2- тапсырма: Суреттерді ата. К дыбысының орнын тап. Сөздің басында болса- бірінші бөлікке, ортасында болса- екінші бөлікке, соңында болса- үшінші бөлікті көк түске боя.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

3- тапсырма: суретті штрихта.

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Ордадағы қасқыр»**

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**
Орнымыздан тұрамыз,
Керегені құрамыз.
Уық болып иіліп,
Достық үйін құрамыз.

**«Ордадағы қасқыр»**
Мақсаты: байқампаздыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Ойынның құрал-жабдықтары: белбеу
Ойын барысы: Аланда ені 1м дейін шұңқыр созылады. Орды зигзаг тәрізді сызуға болады, бір жері жіңішке бір жері жуан. Орда жүргізуші «қасқырлар» орналасады олар көп емес не бары екеу немесе үшеу. Барлық қалған ойыншылар «қояндар» осы ордан секіріп өтуге және ұсталмауға тырысады. Қоянға қол, тигізсе ол ойыннан шығады немесе қасқыр болады. Қасқырлар қоянды тек қана орда болған кезде ұстай алады, қояндар ордан жүгіріп өтпейді, секіріп өту керек. Егер қоянның аяғы ордын аймағына тисе, онда ол орға түсті деп есептеледі, және осы жағдайда ойыннан шығады.

| 2-ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
